



# Ақмешіт

20 шілде  
сейсенбі  
№57 (1759)  
2021 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы



### ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

## ТУРИЗМ ТАБЫС КӨЗІ ҒАНА ЕМЕС...

Бүгінде саяхаттау адамның таным көзкіеігін кеңейтіп ғана қоймай, пайда табудың жаңа көзіне айналды. Егемендік еншілегелі Еуразия кіндігінде орналасқан Қазақстанда да туризм қарыштап дамып, саланың мәдени-танымдық, сауықтыру, спорттық, іскерлік секілді тармақтары қайта күш алғандай. Бұған біте қайнасқан шығыстың дәстүрлері, мәдениеті мен батыстың заманауи тұрмыс дағдысы, тұмса табиғат пен бірегей тарихи артықшылық себеп болса керек. Осы орайда Тәуелсіздік жылдары ел дамуына ықпал еткен туризм саласының жетістігін саралап көрейік.



Туризм әлемдік экономикада елеулі маңызға ие екені жасырын емес. Бір ғана мысал, Дүниежүзілік Туристік Ұйымы (ДТҰ) туризм саласы әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 процентін, әлемдік өндірістің әрбір 9-шы жұмыс орнын қамтамасыз етіп отыр деген дерек келтірген. Ал әлем бойынша туризмнен түскен табыс мұнай және автомобиль экспортынан кейін үшінші орын алады. Оған қоса кез келген мемлекеттің әлеуметтік, мәдени және экономикалық әл-ауқатын сараптауда да туризмнің көрсеткіші шешуші рөл атқаратыны тағы бар. Міне, осындай артықшылық Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның туризмді дамыту, сол арқылы мемлекеттің әлемдік аренаға шығаруға идеясын алға қойа ітермеледі.

Соңғы жылдары шет елден келетін саяхатшылардың қатары күрт өскен. Деректер бойынша елге келген қонақтар Қазақстанның оңтүстік өңірі, әсіресе, Қызылора, Түркістан облыстарындағы тарихи-мәдени нысандарға баруға ниет білдіреді екен. Содан болар салада сұранысқа сай қызмет көрсету, инвестиция тарту ісі ілгерілеп келеді.

### ҚҰТТЫҚТАУ

#### Құрметті жерлестер!

Баршаныңды қасиетті Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Еліміз егемендік алғалы рухани құндылықтар қайта жаңғырып, дәстүрлі діннің өнегелі жолы дәріптелуде. Құрбан айт – сауапты істер жасайтын, құлшылық ететін қасиетті күндер ғана емес, ол адамдар арасында бауырмалдық орнатып, өзара достыққа, ынтымақтастыққа, сүйіспеншілікке шақыратын мереке.

Адалдық пен таза көңілде имандылыққа бет бұрған болмысымыз бүгінде ұлттық ұлағатқа ұласты. Үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету секілді сыйластық арта түсті. Өткеннің өнегесін ұмытпай, тіріге үлгі ету, аурақты қадірлеу әрбір мұсылманның басты парызына айналды. Бұл біздің адамгершілік рухымыздың айбынды бейнесі.

Қадірлі ағайын!

Адамзатты адамгершілік пен мейірімділікке, ізгі қасиеттерге үндейтін Ислам діні біздің қоғамда аса маңызды рөлге ие.

Осы ретте, мұсылман қауымының ең ұлық мерекесі – Құрбан айт елдің береке-бірлігін бекемдеп, халықты қанағат пен қайырымдылыққа шақыруда өлшеусіз үлес қосып келеді.

Шүкіршілік пен тәубаға шақырып, ұлысты ұйыстыратын ұлағатты мерекеді әр шаңыраққа шаттық, бақ-береке тілеймін.

Әрқашан тірлігіміз тұзу, бірлігіміз бекем болсын!

Құрбан айт мұбарак болсын!


Ізгі ниетпен,  
Қызылорда қаласының әкімі  
Ғ.ҚАЗАНТАЕВ

2 БЕТТЕ

### АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА

## СӘКЕН ТҰРҒАН ҮЙ НЕГЕ САҚТАЛМАДЫ?

Қазақтың үш бәйтерегінің бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол ұлт руханиятына ерен еңбек сіңірген қайраткер, нағыз күрескер ақын. Оның қазақ елінің ертеңі үшін атқарған өлшеусіз ісі нағыз ұлттың сүйген ердің ісі. Бүгін біз осы ұлы тұлғаның Сыр өңірімен байланысы туралы қалам тербемекпіз.



3 БЕТТЕ

### СПОРТ



## ТОКИОДАҒЫ ТАРТЫСТЫ КҮН ЖАҚЫН

3 күннен кейін күллі әлем жұртшылығы асыға күтіп жүрген жазғы олимпиада ойындарының алауы жағылып, ел намысын қорғауға аттанған спортшылар тартысты бәсекені бастайды. XXXII жазғы олимпиада ойындары негізінен 2020 жылы Жапонияның Токио қаласында өту керек еді. Алайда пандемияға байланысты бұл спорттық шара кейінге шегерілді. Қош, бастысы олимпиада өтеді, оған біздің спортшылар аттанып та кетті. Енді осы жазғы жарыстың ерекшелігі қандай, қызығы не?

4 БЕТТЕ

### ҚҰРБАН АЙТ

Құрбан айт – ырыс пен ынтымақтың, құт пен берекенің мерекесі. Осы мейрамға тән дәстүріміздің бірі – айттық сұрау. Алайда қазір ағайын-туыс, дос-жаранның, көрші-көлемнің үйіне айттап бару, айттық сұрау деген дүниелер ұмытылып бара жатқандай.

## АЙТТЫҚ СҰРАП ЖҮРСІЗ БЕ?



Айт күндері әрбір отбасы дастархан жайып, бір-бірінің үйіне айттап, бас қосады. Сондай-ақ дәл осы күні айттық сұрап, үлкендер де балаша қуанып, кішкентайлар шаттыққа бөленеді. Бала күніміздегі бұл көрініс әлі күнге көз алдымызда. «Айттың қабыл болсын» деген уақытта «Айттық сенен» деген сөзді жиі естиміз. Негізі айттық – айт күні берілетін сыйлық. Оны ақшалай да заттай да беруге болады.

Ел ішінде «айттық сый» деп те аталады. Айттық беру – мерекенің мерейін асырып, тату-тәттілікті, береке-бірлікті нығайтудың, әсіресе балаларды мәзірмен етіп қуантудың бірден-бір себебі. Бұрын айттап келген үлкен кісілерге сыйлыққа тәсіп, жайнамаз, тақия, кестелі орамал, зергерлік бұйымдар берілген. Алайда бұл дәстүр соңғы кездері орындалмай жүр. Тіпті үлкендер тарапынан «құрбан айтта айттық сұрамайды, тек құрбан шалынып, құран оқытылады» деген сөзді жиі естиміз. Көпшілік жиі талқылап жүрген бұл сауалдың жауабын бас иманнан сұрадық.

– Құрбан айт пен Ораза айт мұсылман жұртшылығы үшін үлкен мереке. Айт намаз біткеннен соң мұсылмандар қол алысып, төс қағысып, бір-бірін айт мерекесімен құттықтай, жақсы тілектерін білдіреді. Бұл күндері ренжіскендер бір-бірінен кешірім сұрап, татуласады. Ораза айтта отыз күн, әсіресе, Алланың разылығы үшін аузы берік болғандар қуана үй аралап, айттап дастарханнан дәм татады. Ал Құрбан айтта құрбан шалынып, дастархан жаяды. Үйді-үйді аралап көрісіп, қуаныш-шаттықпен жөн сұрасып, арқа-жарқа болып жатады. Себебі хадисте пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын): «Уа, адамдар, бұл күні сәлем жайындар (көп кісілермен сәлемдесіндер), тамақтандырындар, туыстық қатынасты күшейтіндер және адамдар ұйқыда болған кезде намаз оқындар, еш алаңсыз жоннатқа кіресіндер» – деген. Міне осындай игі махаббатқа жетелер бұл күнде мұсылмандар бір-біріне сыйлық үлестіру ел арасында үлкен үрдіс. Мейлі ораза айт болсын, Құрбан айт болсын, екі айтта да еңбектеген баладан еңкейген шалға дейін мерекенің шарапатын сезінуі тиіс. Сыйлық таратылып, мәдени іс-шаралар ұйымдастырылуы абзал амалдардан болып саналады. Сондықтан әр айт мерекелерінде біздер мешіттерде күіз үйлер құрып, ұлттық ойындар ойнатып, сыйлық үлестіреміз. Ондағы басты мақсат – жүзден аса ұлт өкілі тұрып жатқан еліміздегі әрбір азамат осы мерекенің лебін сезініп, мешітке келген жамағат шаттанғып қайтса деген ой. Алайда былтырдан бастап карантиндік жағдайға байланысты мұндай шараларды уақытша тоқтаттық, – деді ҚМДБ-ның облыс бойынша бас имамы Болатбек Абуов.

«Ақмешіт-ақпарат»

3 БЕТТЕ

### ДЕНСАУЛЫҚ

## COVID-19: ИНДЕТ КҮШЕЙІП ТҰР

Өңірде коронавирустық инфекцияны жұқтыру дерегі әлі де болса азаяр емес. 18 шілдеде Қызылорда облысында Covid-19 жұқтырған 127 жағдай тіркелсе, оның 94-і Қызылорда қаласында. Жаңа 127 жағдайдың 105-інде ауру белгілері бар. 35 науқас инфекциялық стационарға жатқызылған. Сонымен қатар вирус жұқтырған 127 адамның 118-і жаңа ошақ ретінде тіркеліп отыр.

18 шілдеде коронавирустан өңірде 45 науқас жазылып шығып, жалпы емделіп шыққандар саны 86,3 процентті, яғни 7209 адамды құрады. Одан бөлек коронавирус инфекциясы анықталған азаматтармен 27 792 адам байланыста болған.

Қазіргі таңда облыс бойынша – 616 науқас инфекциялық стационарда ем алып, 50 процент жүктемесін құрап отыр. Реанимацияда да 50 науқас ем қабылдап, жүктемесі 45 процентке жеткен.

Екпе егу науқаны бойынша 18 шілде күні коронавирусқа қарсы вакцинацияның I компонентін облыста 590 тұрғын алып, жалпы екені алғандар саны 201 794-ке жеткен. Оның ішінде 85164 адам Қызылорда қаласынан. Ал сол күні вакцинацияның II компонентін аймақта 1119 адам қабылдаса, оның 385-і Қызылорда қаласында. Жалпы осы кезге дейін вакцинацияның екі компонентін толықтай алғандар саны 115 538 адамды, 80,3 процентті құрады.

Ал еліміз бойынша 2021 жылдың 18 шілдесінде коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинацияның I компонентімен 4 895 174 адам вакциналанса, II компонентті 2 798 360 адам салдырған.





## ЕРЕКШЕ МЕКЕНГЕ ЕРЕКШЕ СУРАНЫС

Расында, Қазақстан табиғаты туристердің толассыз келетін маңызды нысанына айналып үлгерді. Мәселен, Іле Алатауындағы «Шымбұлақ» шаңғы базасы, Павлодар облысы Жасыбай көлі жағасындағы «Баянауыл», Қарағанды облысындағы таулы-орманды «Қарқаралы», Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма бөгені жағасындағы «Алтай мүйісі» секілді нысандар – жыл он екі ай адам аяғы арылмайтын құтты қоныс. Сондай-ақ Орал қаласы Жайық өзені маңындағы «Орал», Қостанай облысындағы орман-тоғайлы Наурызым алқабы, Оңтүстік Қазақстан облысы Бадам жазығындағы «Оңтүстік», Қызылорда облысы Жайық өзені маңындағы «Орал», Қостанай облысындағы орман-тоғайлы Наурызым алқабы, Оңтүстік Қазақстан облысы Бадам жазығындағы «Оңтүстік», Қызылорда облысы Жайық өзені маңындағы «Орал» базалары да туристерді тартымды табиғатымен баурауда.

Қорықтардағы тұмса табиғат пен сирек аң-құс та саяхатшыларды бей-жай қалдырмайды. Әсіресе қазіргі таңда Ұлытау, Бетпақдала, Қаракия-Қаракөл, Зеренді қорықшалары мен Шарын шатқалы, Күміс қылқанды орман, Айғайкүм, Өңшікүм, Жанғақ тоғайы секілді нысандар туристік брендке айналып үлгерді.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның флорасы мен фаунасына қанжықсы келген саяхатшылар Шығыс Қазақстанды бетке алып, тұрақты қонақ болуды жылдағы әдетке айналдырған. Мұнда туристерді қызықтыратын жапап ландшафтар, ауқымды аймақ, мәдени-тарихи ескерткіштер аумағында инфрақұрылым дамып, әлемдік стандарт шеңберінде туристік қызметтер көрсетілуде. Мысалы, қазіргі таңда Шығыс Қазақстан облысы аумағында 108 туристік ұйым, 16 туризм нұсқаушысы, 117 орналастыру нұсқаушысы, 117 орналастыру орны, 84 демалыс орындары, 5 демалыс үйі, 34 емдеу-сауықтыру шипажайы туристік пен туроператордың қызметін атқарауда. Сонымен қатар көлемі 1723072 гектарды құрайтын 14 республикалық маңызы бар ерекше қорғауға алынған табиғи аумақ

Басы 1-бетте

тіркеліп, туристік маршрутқа енгізіліпті. Оған қоса Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Галами Экологиялық Қорын (UNDP/GEF) жетілдіру бағдарламасы және Бүкіл әлемдік Жабайы Табиғат Қоры (WWF) бағдарламасының Алтайдың Қа-



## ТУРИЗМ ТАБЫС КӨЗІ ҒАНА ЕМЕС...

зақстандық бөлігінің био түрлілігін сақтау жөніндегі жобасы аясында бірнеше табиғи ескерткіш ерекше қорғалған. Міне, бір ғана Шығыс Қазақстан аумағынан-ақ Тәуелсіздік жылдары туризм саласында қол жеткізген жетістіктің аңғаруға болады.

Соңғы жылдары елдегі туризмнің жаңа ошағы Түркістан қаласына айналды. Қарқынды құрылыс, жаңа статус, дамыған инфрақұрылым, заманауи ғимараттар, тарихи нысан – мұның барлығы көне шаһарды заман көшіне ілестірген факторлар. Түркістанға саяхаттаған әрбір шетелдік қазақ хандығының алғашқы астанасындағы тарихи-мәдени аура мен заманауи архитектуралық шеңбердің үйлесімін қатар сезіне алады. Мұндағы қазақ мемлекетінің негізін қалаған Тәуке, Тәуекел, Жангір, Есім, Абылай, Қазыбек би секілді

тұлғалар жерленген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі кай кезеңде де негізгі туристік нысан санатында еді. Сондай-ақ орта ғасырлық шаһарлардың орны мен көне жәдігерлер де таптырмас танымдық сапарға жол аша білді.

межеленген. Алайда әлемді жайлаған індет соңғы жылдары саладағы табыс көлемі мен саяхатшылар санын азайтты. Мысалы, Қазақстан 2021 жылдың алғашқы үш айында туризмнен 19 млрд теңгеден астам пайда тапқан екен. Бұл 2020 жылғы

әлеуеті қайта жанданды. Түркістан шаһарындағы көптеген нысан қайта жаңғыртудан кейін туристерге қызмет көрсету көлемін 2,4 есеге, яғни 704,9 млн теңгеге дейін ұлғайтқан. Ал Алматы қаласы жыл басынан бері туризм саласы бойынша 5,3 млрд теңге табыс тауыпты. Бұған қарамастан мегаполисте қызмет көрсету көлемі 16,2 процентке қысқарса, Елордада 11,8 процентке дейін төмендеген. Ал Шымкентте – 32,8 процентке жоғарылаған.

### ТУРИЗМ КЕЛЕШЕГІ

Жалпы мемлекеттегі туризмнің жан-жақты дамуы қоршаған орта мен экономиканың барлық секторының және қоғамның әлеуметтік жағдайының өсуіне ықпал етеді. Осыны ескеріп, Үкімет Қазақстанның ұзақ мерзімді даму бағдарламасында міндетті түрде туристік саланы жүйелеу, оңтайландыру ісіне басымдық береді. Бұл бастамалар бәсекелестікті арттырумен қатар, туризм нарығының тұрақты табыс көзіне айналуына септігін тигізеді анық.

Осыған орай Тәуелсіздік жылдары туризм индустриясын дамыту, елдегі кедергі келтіретін мәселелерді жою бағытында жаңа жобалар қолға алынған. Соның бастысы – салада білімді маман әзірлеу. Бүгінде Қазақстанда туризм маманын сапалы даярлау бойынша бірнеше оқу орны жұмыс істеп келеді. Туризм және спорт академиясы, Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы мемлекеттік университеті, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті және Қазақстан-Американдық еркін университеті секілді білім беру ұйымдары жүйелі әрекет етуде. Сондықтан саланың даму шыны әлі алда деген жөн секілді.

қантар-наурыз айларына қарағанда 6,9 процентке аз.

Шығыстың көрсеткішін Атырау облысынан байқауға болады. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Атырау облысындағы орналастыру орындары қатты зардап шегіп, өңірде көрсетілген қызметтер көлемі 74,1 процентке, яғни табыс 420,6 млн теңгеге дейін төмендеген.

Алайда қуанарлығы, карантинге қарамастан Түркістан облысы мен Алматы қаласының туризм

### КАРАНТИНДЕГІ КӨРСЕТКІШ

Расында, туризм ұлттық болмысы әлемге таныту құралы ғана емес, тұрақты табыс әкелетін кәсіп саласына ойысты. Туристер қатарын арттыру үшін мемлекет пен туроператорлар саяхатшыларға ұсынатын қызмет түрлерін жыл сайын кеңейтіп отыруды

Р.С. Туристер санын көбейту тек ел «тайказанына» қаржы тартудың амалы емес, елімізді инфрақұрылымды қалыптастыру, жұмыссыздық деңгейін төмендету, кәсіпкерлікті дамыту, мемлекет имиджін қалыптастыруға апаратын төте жолдың бірі. Сол себепті Тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктің бір парасына айналған туризм халықтың әл-ауқаты мен танымын одан әрі кеңейтірі анық.

Берен ШАҒЫРОВ

# БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық білім мен ғылым жүйесінің бәсекеге қабілетін дамыту бойынша нақты міндеттерді белгілеп, ауқымды іс-шаралардың қалтқысыз орындалуын жеті назарында ұстап келеді. ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің бастамасымен қабылданған Білім беру-ді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы кезең-кезеңімен нәтижелі жүзеге асырылуда. Сондай-ақ 2020 жылдың тамыз айында министр Асхат Аймағамбетов жоғары білім беру жүйесін одан әрі жаңғыртуға және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға негіз болатын «Жоғары білім беру-ді дамытудың дағдарысқа қарсы үш қадамды жоспарын» жариялады.

Бағдарламалық құжаттың негізгі ба-сымдылығы – жоғары оқу орындарының академиялық дербестігін кеңейту. Яғни білім беру бағдарламаларының мазмұны 80 проценті жұмыс берушілердің талабы мен білім алушылардың мүдделерін ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде қалыптастырылады.

Келесі басымдығы – басқару жүйесіне өзгерістер енгізу. Жұмысқа қабылдау, білім беру бағдарламалары (БББ) мен даярлау бағыттары бойынша студенттер контингентін қалыптастыру, академиялық құрылымды анықтау мәселелерін дербес шешуге бағытталған.

Тағы бір маңызды басымдығы – жаңа қаржыландыру механизмі қолдану. Бюджеттік және бюджеттен тыс қаражатты тиімді пайдалануды жүзеге асыруға, сондай-ақ материалдық-техникалық базаны нығайтуға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары жоғары білім жүйесіндегі көптеген жаңалық орын алды. Мәселен, оқу орындарының өзіндік үлгідегі диплом беруі, білім алушыларға берілетін

мақсатымыз облыстық жұмыспен қамту-ді үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен бірлесіп отырып, 2021-2022 оқу жылына грант санын көбейту. Қысқы сессиясының нәтижесімен университет бойынша 1654 білім алушыға мемлекеттік стипендия тағайындалды. Көзі нашар көретін және құлағы нашар еститін мүгедектігі бар білім алушылар – 75 процент, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және азаматтардың қамқорлығындағы балалар қатарындағы студенттердің стипендиясы салыстырмалы түрде 30 процентке көп.

Университеттің білім беру қызметінің басты міндеті – оқудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, ғаламдық коммуникациялық желіге шығу. Бұл тұрғыда профессор-оқытушылар құрамы оқу үдерісін жүзеге асыруда цифрландыру үдерісін толық тартылды. Олар пандемия жағдайында бірікпарт MOOCs, Coursera, т.б. онлайн курстардан өтіп, біліктіліктерін арттырды. Ресейдің «МИСиС» Ұлттық зерттеу техникалық университеті (ҰЗТУ) Ederunch University орталығымен бірлесіп, жаппай білім беру онлайн курстар (MOOK) дайындалуда.

Өркеніет өрісіне бастайтын халықаралық байланыстарды дамытудың қашанда маңызы зор. Бүгінде дейін 170 университет және ғылыми қауымдастықпен серіктестік байланыс орнатты. Білім алушылар мен оқытушыларға дәріс оқу және кеңес беру үшін Ұлыбританияның UCL, Германияның Ахен, Сингапурдың Менеджмент, Шотландияның Эдинбург университеттерінен жетекші ғалымдары шақырылып, дәріс жүргізді. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 30-ға жуық студентіміз Польша, Болгария, Оңтүстік Корея университеттерінде білім алуға.

Университетте аймақтық TOEFL орталығы ашылып, жұмыс жүргізуде. Орталықтың мақсаты – барлық ниет білдірушілерге TOEFL форматындағы халықаралық тестілеуден өту арқылы шетелдік жоғары оқу орындарына түсу үшін ағылшын тілін игеру деңгейін ресми растауға және ағылшын тіліндегі халықаралық білім беру бағдарламаларына қа-тысуға мүмкіндік беру. Бүгінде дейін 39 адам осы халықаралық тестті тапсырды.

Шетелдік талапкерлерді университетке оқуға шақыру мақсатында «Отандас-тар қорымен» арнайы іс-шаралар жос-пары бекітілді. Бізде Қытай Халық Республикасынан, Өзбекстан, Түркіменстан және Монғолия республикаларынан келген студенттер оқиды.

Халықаралық және республикалық ғы-лыми-зерттеу және шығармашылық кон-курстарда 40-тан астам студент жүлдегер атанды. ҚР ЖОО арасында өткізілген XIII Республикалық студенттік пәндік олимпиадаларда университеттің білім алушылары I дәрежелі дипломдармен – 2 ББ, II дәрежелі дипломдармен – 4 ББ және III дәрежелі дипломдармен 7 білім беру бағдарламасы бойынша марапатталды. Республикалық пәндік олимпиада қоры-тындысы бойынша 13 білім беру бағ-дарламалары бойынша 31 білім алушы жүлделі орындарға ие болды.

Материалдық-техникалық базаны жаңар-ту мақсатында соңғы жылы 14 дана ин-терактивті панель және такта, 238 дана компьютер, құрал-жабдықтармен қам-тылған медиа орталығы және 20 млн теңгені құрайтын журналистика кабинети, Студенттер сарайына соңғы үлгідегі LED-экран мен музыкалық аппаратуралар, робо-тотехникалық конструктор, мобильді робот, квадрокоптер алынды. Университеттің серверлік жүйесі WindowsServer және LinuxUbuntu соңғы көшпелі операциялық жүйесіне ауыстырылды. Жаңа VMware виртуалды серверін құру арқылы апаратық қауіпсіздік орнатылды. Интернеттің жылдамдығы 500Мбит/сек дейін көтеріліп, бейнедерістер мен контенттер жады көлемі 1 терабайттан асатын жаңадан алынған сер-верге сакталды. Барлық оқу ғимараттары мен жатақханалар Wi-Fi сымсыз желісімен қамтамасыз етілген.

Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңі. Біле білесек, бұл бағыздан бері өміршеңдігін жоғалтпай келе жатқан кастерлі ұғым. Білімді ұрпақ төрбиелеген халық қана елін әлемдік өркениет көшінің алдына шығаратыны белгілі. Осы тұрғыда жаһандану үдерісі кезеңінде болашақ ұрпақ қандай болуы керек дегенге келсек, ол – ұлттымыздың салт-дәстүрі мен ру-хани құндылықтарын бойына сіңірген, таңдаған білім бағдарламасының қыр-сырын барынша меңгерген жоғары білікті кадр әрі кәсіби деңгейін әлемдік мәдениет, білім мен ғылымның өз еңік жетістіктерімен үнемі жоғарылатып отыратын тұлға. Демек, сындарлы дәстүрден нәр алған, еңбек нарығындағы бәсекеге неғұрлым бейімделген креатив-ті ұрпақ еліміздің жарқын болашағының кепілі болмақ.

Алдағы уақытта Болат Өтемұратовтың қорынан бөлінген көмек аясында Арал ауданындағы аз қамтылған 800-ге жуық отбасы 900 (1 тоннадан аса) тонна құрама жеміс қамтамасыз етілмек. Сонымен қатар Аманоткел елді мекеніндегі Аспай суағытқысын іске қосу, аудан орталығынан шалғай орналасқан елді мекендерге су таситын арнайы көлік алу, суармалы жайылмалық, егістік және шабындық жерлерді суландыру мақсатында су айдау насостарын әкелу жоспарлануда. Сондай-ақ алдағы жылдарға мал азығын дайындайтын сервистік орталық пен шөп оратын жасақтар құру үшін арнайы техникалар алу және Құланды елді мекенінен бір ұңғима қазу жұмыстарын жүзеге асыру көзделіп отыр.

Осы жұмыстарды іске асыру барысындағы қаражаттың жұмсалуды мен жем-шөптің таратылуын бақылауды қоғам өкілдерінен құрылған арнайы комиссия жүзеге асырмақ.

«Ақмешіт-ақпарат»

## «Эхинококкоз» ауруы туралы білесіз бе?

Жылауық құрт кеселі (эхинококкоз) – адам мен мал ағзаларына құрт ұрықтарының түсуінен пайда болатын дерт. Эхинококк (Echinococcus granulosus) – таспа құрттың бір түрі. Денесі 3-4 буыннан тұрады, ұзындығы 2-6 мм. Бір камералы, дамуы жетілген эхинококк – іші сұйыққа толы, сырты қабықты көпіршік. Таспа түріндегі сатысы кейбір еткоректі және жыртқыш сүтқоректілердің ашы ішегінде дамиды. Эхинококктың дернәсілі адамның, сүтқоректілердің (аралық иесі – қой, ешкі, сиыр, шошқа, солтүстік бұғысы, ит, мысық, үй қояны, тышқандар) әр түрлі ішек органдарында (көбінесе бауыр, өкпе, бүйрек, талақ) паразитті тіршілік етеді. Ересек эхинококк (ұзындығы 0,5 см-дей) ит организмінде түскеннен кейін 45-95 тәулік өткенін бірнеше бөлікке бөледі. Сыртқы ортаға шыққан бұл бөліктерден жұмыртқа пайда болады да, олар шөпті, топырақты, мал түгін, сулы, т.б. ластайды. Жылдың ылғалды кезеңдерінде (күзде, қыста, көктемде) 3 айға дейін тіршілік қабілетін жоймайды. Аралық иесі организмінде жұмыртқадан онкосфера (кейбір таспа құрттардың жұмыртқасынан шығатын, пішіні шар тәрізді, алты ілмегі бар ұрықтық сатысы) дамиды. Ол ішек қабырғасынан өтіп, қан не лимфаның арқылы, тінідерге тарап, көпіршік тәрізді дернәсіл сатысына дейін дамиды.

Тазалық мұқият сақталған жерде аурудың болуы мүмкін емес. Көп жылғы тәжірибелерге қарағанда бұл ауру мал шаруашылығымен айналысатын кісілердің арасында жиі кездеседі. Бір ауру итте 200 мыңға жуық жылауық құрттың ұрықтары болады. Ал сырғат ит күніне қоршаған ортаға, яғни үйдің айналасына, аулаға, сәкіге мың-даған жұқпалы жылауық құрт ұрықтарын шашады. Ол ұрықтар шөп-тер мен су арқылы малға, тамақ пен су арқылы адамға жұғады. Ауру таратушы иттерді бұл аурудан сақтандыру жолдары қиын емес. Ол өлген малдардың етін, үйде сойылған малдардың жылауық құрт ұясы орналасқан ағза мүшелерін, өкпе бауырларын ит, мысықтарға жетізей терең шұңқырларға көміп немесе өртеп жіберген дұрыс.

Б. СЕРІКБАЙ,  
ҚР АШМ ВБЖҚ-нің Қызылорда қалалық аумақтық  
инспекциясы бас маманы



# СӘКЕН ТҮРҒАН ҮЙ НЕГЕ САҚТАЛМАДЫ?

Қызылорда 1925-1929 жылдары Қазақ республикасының астанасы болған уақытта Сыр өңірінде қызмет еткен Сәкен Сейфуллин талай күрделі мәселелердің түйінін тарқатуда табанды еңбек етті. Соның бірі – ұлт атауына байланысты тарихи қатені түзетуде жасаған жұмысы. Бұл туралы Сәкен мұраларын 50 жылға жуық зерттеген ғалым Тұрсынбек Кәкішев: «Алаш қайраткерінің ең басты үш ерлігін атап айтуға болады. Бірінші – «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» атты ұлт атауына қатысты ұсынысы. Екінші – кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізуге үндеу тастап, іс жүргізуді қазақшаға көшіру керек деп бірнеше мәрте мақала жариялауы. Үшінші – оқу-ағарту саласына барынша ден қою керектігін айтып, сол мақсатта талмай еңбек еткені. Міне мұның барлығы ұлтын шексіз сүйген қайраткердің қайталанбас қолтаңбасы», – деп жазады.

Сәкен Сейфуллиннің 1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің №66 санында «Манап Шамиль» деген бүркеншік есіммен жариялаған «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» атты мақаласында ұлт атауын түзету керек екенін жазады.

«Бүгінге дейін қазақты орыстар «киргиз» деп келді. Не себепті қазақты орыс «киргиз» деп кеткенін тексермей-ақ, ол «киргиз» – қырғыз деген аттың қалайша жалпы қазаққа жапсарылып кеткенін баяндамай-ақ, бұл тарихи қатені түзетілуі керек екенін жұртқа айтқым келеді.

Орыстың патшасы қазақты қаратып алып, жалпы қазаққа «киргиз» деп ат жапсарылаған соң, қазақ халқының орыс патшасының төрелері, жасауылдары қазақты біртүрлі, құр, мүгедек, мақау жануар деп санап, «киргиз» дегенде біртүрлі менмендік қиянатпен, қорлаған мазақпен айтатын болды. Ақ патшаның «шарапатына» маз болған мырзалар қазаққа жоғарыдан төмен қарап, тұмсығын көкірейтіп, пысықырып, «киргиз» дейтін болды. Төрелердің қатындары итін ұрысқанда: «Ах, ты, полкан! «Киргиздан» да жамансын!» дейтін болды. Ақ патшаның жасауылдарының, төрелерінің бұл аңыздары орыстың надан халықтарының араларына да жайылды. Келе-келе тұрмыстың игілігін өзгелермен бірдей ешуақатта қазақтың лайығы жоқ деп ойлайтын болып, қала тұрмысына түсіп, оқып, тазарак тұра бастаған қазақты көре танырқап: «Қарашы, тіпті өзін «киргиз» дейтін емес!» деп тамсаным жүретін болды. Қазақтың бір қылығын жақтырмаса: «Белгілі, енді «киргиз» болған соң қайтушы еді!» дейтін болды. Қырғашшы шабармандары, жасауылдары қазаққа зорлық қылғанда, қазақты қорқытқанда көзін алартып, тісін қайрап: «У, киргиз-з-з!» дейтін болды. «Киргиз» дегенді әлгі мырзалар біртүрлі ызбарлануы, тістеніп айтатын болды. Енді ол күндер өтті. Октябрь төңкерісі қазаққа бұлай қарауды тыйды. Енді қазақ та – бір, басқа халықтар да – бір. Қазір әр жерде осындай тарихи қателерді түзетіпті хәм мұндай түзетілген аттарды Совет үкіметі де қатты ықтиятпен қабыл алды. Мәселен, Хиуаны қазір «Хорезм жұрты» дейтін болды. Сартты «өзбек» дейтін болды. Хәм бұл түзетіліп қойған аттарды Совет үкіметі қолданып кетті. Біз «киргиз» деген атты жоғалтып, «қазақ», «қазақ» деп кетсек, басқа халықтар да бізді «қазақ» деп осы атты қолданып кетпек. Біздің бір үлкен кемшілігіміз – осы күні басқа жұрттан бұрын өзімізді өзміз «киргиз» дейміз. Әуелі, біздің «Қызыл Қазақстан» журналы орысша «Қызыл Киргистан» деп аталады. Бұл біздің едәуір әлсіздігімізді көрсетеді. Егер де біздің қазақ жігіттері бұл қатені түзетеміз десе, он-оңай түзетіп екетер еді. Біздің әр қазақ жігіті «Кир» деген перні тастап, қоймастан «қазақ», «қазақ» деген сөзді жұмсап, басқа жұрттың құлағына сіндіріп үйрету керек. Қазақстанның орталық үкіметі «киргиз» деген есімді жойып, «қазақ» деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығару керек. Қазақты «қазақ» дейік, тарихи қатені түзетейік!»

Сәкеннің тағы бір қыры оның ақындық шеберлігі деуге болады. Қызылорда астана болған жылдары төте жазумен жарық көрген «Экспресс», «Тұрмыс толқынында», «Жер қазғандар» атты өлеңдер жинағы алғаш Қызылорда қаласында қазақ мемлекеттік баспаханасында басылған. Бұл кітаптар бүгінде Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының «Сирек қорлар» бөлімінде сақтаулы. 1926 жылы



Қызылордада «Экспресс» атты өлеңдер мен поэмалар жинағы жарыққа шықты. Бұл тек Сәкен поэзиясында емес, бүкіл қазақ поэзиясындағы үлкен жаңалық еді. Жаңа мазмұнда, ерекше формада жырлау «Экспресте» айқын аңғарылады. «Қара жер» атты өлеңінде ақын туған Отанның көркем табиғатын кестелі сөзбен шебер жеткізеді.

«... Масаирасып,  
Кеудені ашып,  
Жұрттың көбі маз еді.  
Алып бізді,  
Тастап ізді,  
Экспресс келеді», – деп жырға қосады.

1928 жылы жарияланған «Тұрмыс толқынында» атты өлеңдер жинағына «Баспахана», «Отарба терезесінен» тағы басқа да көптеген шығармалары топтастырылған. Соның ішінде «Баспахана» атты өлеңіне зер салып көріңіз.


«... Соққан жүрек қуат жаны,  
Тынбай мотор тулайды.  
Күймен билеп салған әні,  
Мың дыбыспен шулайды.

Баспахана дүрсілдейді,  
Жанды сөзді жаратып.  
Демі қайнап гүрсілдейді,  
Өлемге өрнек таратып», – деп ой түйіндейді. Бұл шумактарда ақын баспаханының жұмыс барысындағы жай-күйін әдемі тенеулермен шебер әсептейді.

Сәкеннің Қызылордада жарық көрген тағы бір туындысы – «Жер қазғандар» атты өлеңдер жинағы.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Құныпия Алыпбаевтың «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақаласында Сәкен туралы: «Қазақ әдебиетіндегі үш бөйтеректің бірі – Сәкен Сейфуллин өмірі қысқа, тағдыры ауыр болғанымен шығармашылық гүмұрбаяны ғибратты да мәнді. Өмірі мен шығармашылығына көз салғанда, алдымен әншілігі мен ақындығын, күйшілігі мен жазушылығын бөліп қарауға болмайды. Ол өзінің көптеген өлеңдерінде әңгімелері мен басқа да ірі шығармаларында ән мен күй, өнерпаз тулғасын құштарлықпен суреттеп, бейнелі образ жасауы бойындағы өнер күдіретін байқатады. Сәкен революция сарбазы ретінде мейлі жаңа заман идеясын насихаттасын, мейлі дәуір тынысын танытар туындылар берсін халық тарихынан, тіршілік болмысынан оның өнер әлемін, ән-күй гүмұрына бөліп қарамаған. Шығармаларындағы ән сазын арқау еткен детальдар әсерлі сезімге бөлейді, тебіреніс толқындары жетелеп, ой ағымының тұңғығына батырады. Ол суреттеген әсерлі саз, ол бейнелеген ән образы оқыманды әсемдік әлемінің айдынында тербетіп, арманына бойлатады.

Ақын 1925-1929 жылдары Қызылорда Қазақ елінің астанасы болған тұста Сыр өңірінде тұрғаны белгілі. Сәкен Сейфуллиннің тұрғаны белгілі. Сол жылдары ұлт зиялысы қайда тұрды? Ол тұрған үйді іздедік. Бір өкініштісі, Сәкен тұрған үй бұзылып кеткен. Алайда сол үйдің орнына салынған үй сыртына арнайы тақта ілінген. Тақтада «Осы жерде Қазақстанда



совет өкіметін орнату жолындағы жалынды жүрескер, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі – Сәкен Сейфуллин 1925-1929 жылдары тұрған және жұмыс істеген үйі болған».

Бұл туралы халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ҚР Жазушылар одағы облыстық филиалының төрайымы, ақын Қаршыға Есімсейітованың пікірін білес едік.

– Сыр елінің қасиетті топырағында тарих тудыруға алыптарды басқан ізі әлі күнге дейін тайға таңба басқандай айқындала беретіні анық. Қазақ халқының көрнекті ақыны, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің тағдыры Сыр жұртшылығымен де біте қайнап, тығыз байланыста болды. Үйі ескі базардың тұсында жұмыс орнына жақын болған. 1925-1929 жылдар аралығында Қазақ Республикасының астанасы Орынбордан Қызылордаға көшірілген кезеңдерде қаламызда қызмет атқарды. Оны айтақтайтын тасқа басылған тарих. Сәкен қызмет еткен ғимараттар, тұрған үйінің іздері әлі күнге бар. Ол жылдары қала шағын. Кеңестік атқару орындары мектеп, редакция, радиоторабы, демалыс орындары, мәдениет ошақтарының бәрі Дінмұхаммед Қонаев пен Жұрба көшесінің қиылысындағы үйде шоғырланған-ды. Сәкен, басқа да ұлт зиялылары қызмет еткен Қазақ ССР Атқару Комитетінің ғимараты да дарияға жақын болған. Сол ғимарат 2000 жылдардың бас кезінде бұзылғанын, өз көзімен көріп, бейнестасаға түсіріп, қала тұрғындарының пікірін сұрап, сауалнама жүргізгенмін. «Көненің көзінде, тарихтың өзінде» осындай тарихи ескерткіштердің келер ұрпаққа аманаттай сақталып тұра бергені дұрыс еді деген тұжырымды ойыма жергілікті басшылық құлақ аса қоймаған еді. Тіпті хабарды эфирден алып тастауға бұйырған болатын. Алланың көзі түзу екен, сол хабар сақталып қалыпты. Жылдар өте келе бұл ғимараттың көшірмесі Сырдария өзенінің сол жағалауынан «Рухани жаңғыру» орталығы болып қайта бой көтерді. Бұл тарихтың жаңғырығы ғана...

Сәкен, Бейімбет, Илиястар жүріп өткен жолдардың ізі қаланың «Ескі базар» тұсында әлі де сайрап жатқанын бүгінгі ұрпақ емес-емес білгенмен, кейінгі ұрпақ жадында мүлде сақталмасы анық. 1970 жылдардың орта шені. Мектептің жоғарғы сыныбында оқимын. «Ескі базардан» шығып, орталық демалыс паркінің тұсынан автобусы ұзақ күттім. Зеріккен соң аялдама қасындағы көне ғимаратқа ілінген тақтаға көз жібердім. «Бұл жерде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Илия Жансүгіров қызмет еткен баспахана болған» деген жазуды оқыдым. Кейіннен бір қабатты кірпіштен салынған сол үйге жиі көз тігетін едім. Ішіндегі қарбалас тіршілікті көз алдыма елестететінмін. Сәбит Мұқановтың «Сырдария» романы да сол көне ғимаратта басылып, дүниеге келген екен. Радиоторабы да осы ғимаратта орналасқан. Қазақ радиосының 100 жылдығына осы жерге тақта орнатылса, құба-құп болар еді.

1977-1982 жылдары қазіргі Әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқып жүргенде Ергазиев деген ұстазымның айтқаны санамда жатталып қалды. «Бұл құпия дерек. Қызылорданың «Ескі базар» тұсында бес қабатты ғимараттың астында саяси тұтқындарды ұстайтын камералар болған. Сәкен сонда біраз уақыт тереуге жатқан. Сол ғимараттың базар жақ бетінде шағын алақайдан ор қазып, ішіне батпаққа әйнек сынықтары араластырып соған Сәкенді салып қинаған... тереуге кезінде... Бұл кейіннен «Шолпан» деп аталатын үлкен сауда орталығының астында болған оқиға...» дегені әлі күнге санамда жаңғырып тұр. Сәкен Сейфуллин қазақтың сымбатты, келбетті жігіті болғаны баршаға аян. Ол демалыс паркінің маңындағы баспахана, редакциядан шығып, үйіне қарай жаяу беттеген сәтте сол кездегі қаланың әдемі бикештері көзге бір көрініп олуға тырысады екен. Сәкен төңірегіне көз салмай, паң мінезімен бұрылып та қарамай, тіп-тік қалпымен қолындағы тағян көтергенде көліктердің өзі айналып өтеді екен. 2004 жылы зиялы қауым өкілдері тұрған үйлерді бейнестасаға түсіріп жүріп, өзі тұрған үйдің қабырғасын ілтипатпен аялай сипап едім. Бір өкініштісі, сол үйлер бүгінде саудаттық қоймасына айналып тұр. Осы жерге ескерткіш тақта орнату жөнінде қала әкіміне ұсынысы білдірдім. Нәтижесін уақыт көрсетеді, – дейді Қаршыға Құрмашқызы.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихы жолында айрықша із қалдырған Сәкеннің өмірі бір арнадан қарап, бір жүйеде баға беруге сыймайтын тәрзіді. Өйткені оның еңбектері ел есінде ескірімек емес. Сәкенмен Сыр елінің арасындағы бекем байланыс тарих қатпарында мәңгіге сақталып қалды. Бүгінде Сырдария ауданында Сәкен Сейфуллин атындағы ауыл бар. Облыс орталығында №4 орта мектеп Сәкеннің атымен аталады.

Мақала әзірлеу барысында мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Нұр-Сұлтан қаласындағы Сәкен Сейфуллин мұражайының директоры Несіпбек Айтұлына хабарласып, алаш қайраткері жайлы жинақталған жәдігерлер туралы сұрадым.

– Мұражайда Сәкеннің 1930 жылы киген костюмі, 1934 жылы өзбек достары сыйлаған тақиясы мен шапаны бар. Сондай-ақ чөмоданы, жолға шыққанда қолға ұстайтын саквожак, отбасында тұтынған ыдыс-аяқтары, қабырға және қол сағаты, қаламы, жазу машинкасы, қолжазбалары, қалпағы, мойынорағышы, өзі жатқан ақ керуегі және тағы басқа көптеген дүниелері мен құжаттары, фотосуреттері мұражай тірулен орын алды, – дейді Сәкен Сейфуллин мұражайының директоры Несіпбек Айтұлы.

Иә, Сәкен қазақ әдебиеті мен мәдениетінде, тарихында қайталанбас өзіндік орны бар тұлға. Оның ұлт үшін атқарған қызметі күллі Алаш жұртына атын әйгіледі. Ол қандай қызмет жасаса да жан-тәнімен жұртының игілігі үшін атқарды. Сәкендей алып тұлғаның Сыр елінде аз да болса қызмет етуі біз үшін үлкен мақтаншық. Алайда қайраткердің өзі тұрған үйінің бұзылып кеткені өкінішті.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ  
Суретті түсірген  
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



## АЙТТЫҚ СҰРАП ЖҮРСІЗ БЕ?

Расында, қазақтың «айттық сұрау» үрдісі «Бір-бірлеріне сыйлық беріндер, сүйіспеншіліктерін артады» деген хадистен алынған секілді. Қандай сыйлық болмасын, әрбір жаңа ұлған қуаныш сыйлайтыны анық. Жаңа Жаңа жақын адамды себепсізден-себепсіз қуанту да сүннетке жатады. Бас имамның айтуынша, Құрбан айта да, Ораза айта да айттық сұрау жоғарыдағы аят пен хадистерден туындаған үрдіс екен. Сондықтан екі айта да айттық сұраудың еш айыбы жоқ.

### ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІН АТАП ОТУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Биыл барша мұсылмандардың үлкен мерекесі – Құрбан айт шілде айының 20-22-сі күндеріне тұспа-тұс келді. Осы орай Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрбан шалу рәсіміне қатысты бірнеше заңдылықтарын бекітті.

Атап айтсақ карантиндік жағдайға байланысты құрбан шалу рәсімін өткізу екі жолмен жүзеге асырылады. Біріншісі – мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары тарапынан рұқсат берілген жергілікті қасапханада санитарлық ережелерді қатаң сақтай отырып құрбан шалу рәсімін офлайн режимде, яғни дәстүрлі жолмен өткізу. Ал екіншісі – бүгінгі карантин жағдайында құрбан шалушыға қолайлы жағдай жасау және көмекке мұқтаж жандарды қолдау мақсатында өткен жылдың тәжірибесін қолданып, құрбан шалу рәсімін шарияттағы «өкілдік» қағидасына сәйкес www.qurban2021.kz сайты арқылы онлайн режимде жүзеге асыру. Мұның басты мақсаты – қайырымдылыққа дәнекер болып, халықтың денсаулығы мен өміріне төнген қауіпті сейілтуге үлес қосу. Негізінде карантин жағдайында қаладағы азаматтар үшін қашықтықтан бөз атынан құрбан шалуға тапсырыс беру – оңтайлы шешім. Шарият бойынша адам өзінің атынан басқа кісіні белгілі бір іске уәкіл ете алады.

Құрбан – «жақындау» дегенді білдіреді. Толығырақ айтқанда әрбір істеген игі амалдар арқылы жүректі тазартып, Аллаға жақындай түсу. Ал шарияттағы терминдік мағынасы – «шарттарымен санаға отырып құлшылық ниетімен мал бауыздау» дегенге саяды. Құрбан айт күндері (алғашқы үш күні) шалынатын мал «құдия» деп аталады. Құрбандық шалудың мәнсінің кендігін ұғыну үшін діниң не екенін, құлшылықтың не үшін жасалатынын жақсы білген жөн.

Басы 1-бетте

■ СҮЙІНШІ!

## БАС ЖҮЛДЕ – СЫР ЕЛІНДЕ!

Сыр еліне сүйінші хабар жетті. Жерлесіміз, «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов Шығыс Қазақстанда өткен республикалық ақындар айттысында бас жүлде алса, Мейірбек Сұлтанхан III орын иеленді.



Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерманның 70 жылдығына арналған жыр додасына еліміздің түкпір-түкпірінен ойы орамды, сөзі сүбелі он ақын қатысып, өзара бақтарыын сынады. Айттық аламына Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулетов бастаған қазылар алқасы төрелік етті.

Осы бәйдеде Мұхтар Ниязов пен Мейірбек Сұлтанхан топ жарды. Талай аламанда алдына қара салмай келген қос ақын елдік тойдың мерейін асырып, салтанатын жауһар жырларымен көркемдей білді.

Алақол маңындағы айттық аламанда Мұхтар Ниязов Оскеменин өз ақыны Серік Қуанғанмен сөз жарыстыра, Мейірбек Сұлтанхан семейлік Айсауле Бейсенханмен айттысып басым түсті. Бұл біздің ақындардың алғашқы әрі соңғы жеңісі емес. Бесігіне күт қонып, қыдыр дарыған елдің өрендерінің алар асуы аласармасын.

Жеңіс құтты болсын, Сыр елі!  
Т.ШАЙДУЛЛАУЛЫ





## АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?

Қазақстанның барлық өңіріне газет арқылы саяхаттап жүргенімізді тұрақты оқырмандарымыз біледі. Бұл жолы «Атамекен, мен сені білемін бе?» айдарында Ертістің жағасындағы әсем қала – Павлодарды оқырманға таныстыруды жөн көрдік.

# ЕРТІС ЖАҒАСЫНДАҒЫ ӘСЕМ ҚАЛА



Павлодар облысы 1938 жылы құрылды. Облыс орталығы Қазақстанның ең әдемі қалаларының бірі – Павлодар қаласы. Ол еліміздің аса ірі өзені болып саналатын Ертіс жағасында орналасқан. Бұл аймақ ҚР солтүстік-шығысына кіреді. Ал солтүстікте Ресей Федерациясының Омбы, солтүстік-шығыста – Жаңасібір, шығыста – Алтай өлкесімен, оңтүстікте – Шығыс Қазақстан, Қарағанды, батыста – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарымен шектесіп жатыр.

Ұшы-қиырсыз дархан даласы, қайың тоғайлары, қарағайлы ормандары, таулары, көптеген көлге бай Павлодар облысының табиғаты бөлек. Бұл аймақты ежелгі Ертіс қабелі. Оның жайылмасы да бірегей және өте бай. Облыстың аса ірі бөлігін қазактар ежелден Сарыарқа – Алтын дала деп атап кеткен тегіс дала алып жатыр. Онда расында да орасан зор байлық бар. Осы аймақтың інжу-маржаны, еліміздің әсем жерлерінің бірі – Баянауыл. Шексіз даланың ортасындағы табиғаттың осы бір туындысының сұлулығына еріксіз тамсанасыз. Мұндағы таулар, қарағайлы ормандар, жауаулар әлемді, Жасыбай, Торайғыр, Сабдыкөл көлдері ұмытылмас ерекше әсер береді.

Бұл өңірдің климаты тым континенттік және құрғақ. Қыста ашық және аязды ауа райына Сібір антициклоны әсер етсе, жазда құрғақ және ыстық ауа, қуанышты пен қара дауыл әкелетін Туран ауа массасының әсері күшейтеді. Облыстың жер бедері екі бөлікке бөлінеді. Солтүстігінің негізгі бөлігін Батыс Сібір ойпатының жалғасы – Ертіс жазығы, оңтүстік-шығыс бөлігін Құлынды даласы алып жатыр. Ал жері түгелдей қызғылт қоңыр топырақ белдемінде орналасқан. Облыстың қиыр солтүстігін қайың мен теректен тұратын ормандар алып жатыр. Олар 44,0 мың га жерді қамтиды. Ал Оңтүстікте қарай даланың сұр, қызғылт қоңыр топырағында бетегелі-жусанды дала қалыптасқан. Сондай-ақ оңтүстік-шығысында құмды өңірде қарағай ормандары, Ертіс өзенінің жайылмасында шалғындар мен тоғайлар тараған. Мұндағы қарағай ормандарында еуропалық күндіз, Ертістің жағалаулық ормандары мен қайың шоқтарында елік, Баянауыл тауларында арқар кездеседі.

Тарихқа үніліп қарасақ, археологиялық зерттеулер Павлодар өңірінде көп тайпа өмір сүргенін көрсетеді. Ежелгі адамдардың тұрақты іздері Баянауыл ауданында, Ертіс өзенінің жиегінде кезіккен. Тастан жасалған қарулар, жебелер мен найзалардың кремнийден жасалған ұштары табылды. Кезінде мұнда қимқатар, үйсіндер, қандылар, наймандар көшіп жүрген.

XX ғасырдың бірінші жартысында Құланды-Павлодар (1923 жыл) темір жолының құрылысы және Ертісте кеме қатынасының дамуымен шаруашылық қарқынды дамыды. 1938 жылы облыс орталығы болған Павлодар кеме қатынасы бар Ертіс өзені мен темір жолдың қиылысында қалып, Екібастұз, Орал, Сібірмен тұрақты байланыс орнатты. Бұл қала мен облыс экономикасының одан әрі дамуына негіз болды. Осылайша шағын шеберханалардың орнында ірі кәсіпорындар бой көтерді.

1956 жылдан бастап Павлодар тың және тынайған жерлерді игеру орталықтарының бірі болды. Тыңды көтеру нәтижесінде облыстың егістік аумақтары он есе көбейді. Көмір өндіру және тың игеру бұл аймақтағы өндірістік күштердің дамуына серпін берді. Екібастұз көмірі негізінде энергетикалық база құрылған және өнеркәсіптің жаңа салалары – қара және түрлі түсті метал-



лургия, машина жасау, алюминий, мұнай өндіру және химия салалары дамыды. Бүгінгі күні Павлодар облысы барлық облыстардың арасында жоғары өнеркәсіптік әлеуметімен ерекшеленеді. Бұл жақта ауыл шаруашылығына көп мән беріледі. Өңірдің ауылшаруашылық алқаптарының ауданы 11,2 млн га құрайды. Мұндағы негізгі өндірілетін дақыл бидай болып табылады. Одан бөлек картоп, көкөніс және бақша дақылдары өсіріледі.

Павлодар қаласын қазактар әлі де «Кереку» деп атайды. Патшалық-кеңестік кезеңнің деректерін басшылыққа алған тарихшылар мен өлкетанушылар мұның сырын өздеріне түсіндіреді. Олардың пайымдауынша, XVIII ғасырдың бас кезінде Н.Коржиков Ресейдің Тара қаласынан қазіргі Павлодар қаласы орналасқан жерге келіп, қоныс салған көрінеді. Сол елді мекенге кейін, 1720 жылы орыс әскерлері тұрғызып форпост Коржиковтың құрметіне аталыпты. Кереку болса, Коржиковтың қазақша нұсқасы екен. Кереку атауы қазақтардың ежелгі дәстүрі бойынша, елді-мекендерге тарихи-географиялық ерекшеліктеріне қарай қойылған көне атаулардың бірі болып есептеледі. Оның түп төркіні Қимак дәуірінен (IX-X ғ.ғ.) бастау алуы мүмкін. Қимак қағандығының орталығы Ертістің Кереку өңірінде болғаны және бірқатар ірі қалалар мен сауда орталықтарының да осы орта Ертістің бойында орналасқаны тарихтан белгілі.

Бұл аймақ – еліміздегі басты индустриалдық өңірлердің бірі. Мұнда дәстүрлі күрделі өндірістер мен минералдық және көміртекті шикізатты игерумен айналысатын ТМД-ның экономикалық кеңесіндегі аса ірі аумақтық өндірістік кешен тарихы қалыптасқан. Мұндағы өнеркәсіптің көзі – электр және жылу өндірісіне, сады топыраққа, мұнай өңдеу өнімдеріне, машина жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібіне, құрылыс заттарына бағытталған. Сондай-ақ көмірді, алюминий тотығын, феррохромиттерді өндіреді. Бүгінде бұл өңірдегі түрлі меншік нысанындағы 5 мыңға жуық кәсіпорын белсенді қызмет етеді. Одан басқа, ауылшаруашылық өнімдерінің шикізат базасы мен оларды өңдеуге арналған өндірістік қуаттылықтары бар.

Айта кету керек, Қазақстанның энергетикалық жүрегі – аса ірі Екібастұз электр станциялары. Ақсу МАЭС, сондай-ақ Павлодар өнеркәсіп кешенінің энергияны қажетсінетін кәсіпорындарына қызмет ететін бірқатар ірі жылу станциялар. Қаланың кең көшелері, көлеңкелі саябақтары мен аллеялары, гүлбақшалары мен субұрқақтары көз тартарлық әдемі. Қала өз тазалығымен, жайлылығымен ерекшеленеді. Аумақтың назар аударар-

лық орындарына табиғи, тарихи, архитектуралық және діни құрылыстарды жатқызғандық Павлодар өңірі археологиялық ескерткіштерге де (өңірде көптеген тұрақтар, қорымдар, обалар, қоныстар бар), мәдени демалыс орындарына да өте бай.

Бұл киелі мекенде қаншама атакты ғылым, мәдениет және өнер тарландары дүниеге келген. Атап айтсақ, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Шапық Шөкин, Жұмат

аула. Мұның бұрмалануы XIX ғасырда луандардың пайда болуымен сәйкес келеді. Біріншісі «бай», «баянды» сөзімен байланысты екенін көреміз. Мәселен, Баян Өлгей аймағын айтатын болсақ, аймақтың «Бай», «Өлке» деп қазақтар өздері айтатындай қуатты, бай аймақ екенін білдіреді. Екінші нұсқасы Баян сұлудың есімімен байланыстырылады. Қозы Көрпеш пен Баян сұлуда байланысты жер-су атауларының Баян жерінде көптеп кездесуі сөзімізді нақтылай түседі.

Баянауыл – бұл шөлейтті даланың ортасындағы көркем орын. Тау жартастары мен жоталары өсімдіктің көптігімен және бір-біріне ұқсайтындығымен таң қалдырады. Баянауылдың керемет табиғатын көрген адам қайта-қайта келе беретіндігі де осындай шығар. Баянауыл тауларындағы көлемі жағынан екінші болып саналатын Жасыбай көлі. Жан-жағын таулар қыспақтаған көлге қазақ-жонғар соғысының батыры Жасыбайдың есімі берілген. Мұнда тек соның есімімен аталған өткелмен жетуге болады. Аңыз бойынша дәл осында Жасыбай қарсыластарының басым күштерін ұстап қалған екен. Ал өткел тұрған моласы жөнінде мынадай сенім бар. Оған бара жатып тас ала бару керек. Кейін жеткен соң оған тас лақтырып тілек айту керек. Ол міндетті түрде орындалады деген сенім қалған. Көлдің өзінде махаббат аралы



Шанин, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Дихан Әбішев, Шәкен Айманов, Жарылғанберді, Жауау Мұса, Иса Байзақов, Сәбит Дөнентаев және тағы басқа облысқа ғана емес, республикаға танымал қайраткерлер туған.

Мәселен, Мәшһүр Жүсіп атындағы мешітті де ерекше айтуға болады. Гимараттың архитектуралық келбеті көркемдігі және айбындылығымен таңдай қақтырады. Қаланың бас мешіті қаланың барлық жағынан жақсы көрінеді. Шаңырақ түріндегі көгілдір түсті күмбез алтын түтесте жарты айды қиып тұр. Аспанға ұмтылған көгілдір мұнаралар мен үлкен баспалдақтар мешітті ерекшелендіріп тұр.

Сонымен бірге Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы ескерткіш те ерекше көзге түседі. Ақынға ескерткіш қолдан, тұғыры қызыл және қара граниттен дайындалған. С.Торайғыров ақын-лирик бейнесінде берілген. Бүгінде ақын мемориалы қала көркіне айналып, республикалық маңызы бар ескерткішке айналды.

Негізі Қазақстанның әр облысында қазақ тарихы мен мәдениетінің ішінде ойып тұрып орын алатын жерлер жетерлік. Өрине, қазақтың әр жері киелі, бірақ Қарағанды облысындағы Қарқаралы мен Ұлытау аудандарының, Қостанай облысындағы Амангелді мен Жанкелдин аудандарының, Ақмола облысындағы Қорғалжын ауданының, Батыс Қазақстан облысындағы Орда ауданының сияқты Павлодар облысындағы Баянауыл ауданының облыстың еліміздің тарихында маңызы ерекше.

Жалпы Павлодар облысындағы сакральды орындардың 80 проценті аталған аудан аумағында орналасқан болса, облыстың туристік әлеуетінің көп жағдайда дамуы Баянауыл өңіріне қатысты екені сөзсіз. Баянауылдың әуелгі аты Баян

орналасқан. Бұл орын Баян сұлу мен оның сүйіктісі Қозы Көрпеш туралы аңызға толы жер.

Сондай-ақ облыс аумағында республикалық және халықаралық мәндегі мемлекеттік табиғи қорық қорының нысандары да жетерлік. Олар ерекше экологиялық, ғылыми және мәдени құнды болып табылады. Оған «Драверта», «Кұмыра», «Қоңыр Әулие» үңгірлері мен «Әулиебұлақ», «Телебұлақ» бұлақтары, «Айманбұлақ», «Тас кереметтері», «Рахай және Үшала» шатқалдары кіреді. Оның ішінде «Қоңыр Әулие» үңгірі Пайғамбар заманынан бар. Бүкіләлемдік су тасқыны кезінде үш көріпкек Нұх пайғамбардың кемесінде қалып қойыпты. Бірақ кемеле орын болмапты. Сонда үш бақанды жалған байлап, бақанға отырып пайғамбардың кемесіне байланыпты. Бүкіләлемдік бетпесен олар солтүстіктен оңтүстікке ағыпты. Алғашқы болып үлкен әулие Құланның беренесі тасқа соғылып, жұлыннып кетті. Бұл Қызғал тау маңында болған. Екінші болып тасқа ортаншы бала әулие Құранның беренесі ең биік тау Ақбеткеге соғылды. Су қайта келіп, таулар мен шоқылар ашыла бастағанда, кенже әулие Қоңырдың беренесі үңгірге келді де, ол осы жерде қоныстанды. Сол себепті үңгір қажылықтың киелі жері саналған. Осындай табиғатын себебі болған үңгір түкпіріндегі қазанның түбіне үнемі су жиналады. Осы су барлық ауруға ем деседі. Тіпті үңгір жанына сәби күтіп жүрген отбасылар жиі келіп, қонатын көрінеді. Павлодар өлкесі қазақтың талай жыр-шежіресіне арқау болған құтты мекен. Қай заманды алсаң да бұл аймақ қол бастаған батырлармен, сөз бастаған билермен, қасиет дарыған әулиелермен, суырып, салпа ақын-жазушыларымен әйгілі.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

## СПОРТ

«Токио-2020» олимпиадасы – спорт тарихында төтенше жағдайға байланысты кейінге шегерілген және тақ жылда өтейін деп жатқан алғашқы жазғы олимпиада. 2021 жылдың наурыз айында олимпиадаға шетелдік көрермендер қатыспайтыны туралы шешім шығарылып, алдында билет сатып алғандарға барлық қаражаты қайтарылды. Ал шілде айының басында жарысты жергілікті тұрғындар да тамашалай алатыны белгілі болды. Токио олимпиадасында сондай-ақ каратэ, серфинг, тауға шығу



жаттығуды бастайды», – деп хабарлады Олимпиададағы Қазақстан Миссиясының басшысы Елсіяр Қанағатов.

Айта кетерлік жайт, «Токио-2020» олимпиадасына Сыр өңірінің үш бірдей спортшысы қатысады. Оның ішінде 2019 жылы Нұр-Сұлтанда еркін күрестен өткен

## ТОКИОДАҒЫ ТАРТЫСТЫ КҮН ЖАҚЫН



мен скейтбординг секілді жаңа спорт түрі қосылды. Сонымен қатар 2012 жылдан кейін жарыстар тізіміне енген беисбол мен софтболдың спортшылары ХХІІ жазғы олимпиада ойындарында бақ сынайтын болады. Жалпы олимпиадада спортшылар 33 спорт түрі бойынша 339 медальды сарапқа салады.

Токиодағы олимпиада ойындарының ашылу салтанаты 23 маусымда басталып, сол күні садақ ату мен ескек есу жарыстары басталады. Дегенмен олимпиаданың алғаш-

Әлем чемпионатында күміс медаль мен лицензия жеңіп алған 65 келі салмақта бәсекеге түсетін паулан Дәулет Ниязбеков бар. Сондай-ақ былғары қолғап шебері Қамшыбек Қоңқабаев өткен жылы Иордания астанасы Амманда өткен жарыста 91 келден жоғары салмақта өнер көрсетіп, III орын мен олимпиада ойындарына жолдама жеңіп алған болатын. Ал каратэдан Қазақстан Республикасының Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Мөлдір Жаңбырай 11-13 маусымда Парижде өткен каратэдан лицен-



қы жарыстары софтбол мен футболдан 21 маусымда ойнатылмай. «Токио-2020» жазғы олимпиадасына 200-ден астам мемлекет қатысушы жоспарлап отыр. Бұл олимпиаданың талисманы «Мирайтова» (болашақ, шексіздік) пен «Сомэйти» (сақураның бір түрі) болып тағайындалды. Олимпиада талисманын таңдауды мектеп оқушылары жүргізіп, «Мирайтова» олимпиада, ал «Сомэйти» паралимпиада ойындарының белгісі болады.

Қазақстандық спортшылар 27 спорт түрінде 96 олимпиадалық лицензия жеңіп алды. Олимпиадада ең алғаш рет каратэдан Дархан Асәділов, Нұрқанат Ахжанов, Данияр Юлдашев, Мөлдір Жаңбырай, Софья Берульцева мен тауға шығу спорты бойынша Ришат Хайбуллин өнер көрсетеді. Ал бұл олимпиада ойындарында өз мансабында төртінші рет бақ сынайын деп жатқан Ольга Рыпакова көпбасы ретінде қатыспақ. Одан бөлек, араға 20 жыл салып үш спортшымыз садақ атудан сайысқа түспек.

17 шілдеде Қазақстанның алғашқы делегациясы Жапонияға жетті. Талапқа сай делегацияның 128 мүшесі коронавирусты инфекцияға байланысты ПТР тест тапсырып, ойдағыдай өткен.

«Ұйымдастырушылардың талабы бойынша барлық регламентті сақтауық. Ереже бойынша соңғы төрт сағатта спортшылар коронавирусты инфекцияға қатысты бес тест тапсырды. Қазіргі таңда олар олимпиадалық ауылға жайғасып, тынығуда. Кестеге сәйкес

зиялық турнирде күміс жүлде мен олимпиадаға жолдаманы еншіледі.

Тағы бір қуанарлық жайт, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ХХІІ жазғы Олимпиада ойындары қарсаңында Қазақстанның ұлттық құрама командасының мүшелерімен кездесуде Мемлекеттік Туды алғаш рет екі бірдей тұ ұстауына – жеңіл атлетикадан Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакова мен бокстан әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Сыр спортшысы Қамшыбек Қоңқабаевқа табыстады.

Сіздің қолыңыздан еліміздің туын алу – үлкен абырой, зор жауапкершілік. Олимпиадаға қатысушы спортшылар қастерлі санайтын осы Тудың Токио төрінде жиі көтеріліп, Әнұранымыздың шырқалуы үшін барымызды саламыз, – деді бокстан Қазақстан құрама командасының капитаны Қамшыбек Қоңқабаев.

Негізінен 206 Ұлттық Олимпиада комитетінен жалпы алғанда 11 мыңнан аса спортшы медаль үшін бақ сынамақ. Оның 49%-і нәзік жандар. Бұл байрақты бәсекеге ұлттық құрама ең мықты, шашасына шан жұқтырмайтын нағыз шебер спортшыларды аттандырды. Өз кезегінде спортшыларымыз шеберлігін дәлелдеп, сарапқа салыпты медальдарды сарқып аларына сенім мол. Оған, әрине, қазақ жұртының ыстық ықыласы мен қолдауы аса қажет. Қазақ халқы әр спортшының жетістікке жететініне шүбә келтірмейтіні, ал спортшылар халқының үмітін ақтайтыны анық.

А.НҰРАЗҒАЛИ

Басы 1-бетте

Меншік иесі:



жауапкершілігі  
шектесіздігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Аптаасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдарға пікірлер редакция көзқарамсыз сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтерді нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігін ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 4323 Тапсырыс №1042

Нөмірдің кезекші редакторы Аелан ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ